




# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

Б.Т.ЖУМАҒҰЛОВ,  
ҚазҰУ ректоры, академик:

**Барыс жылы  
берекелі болғай!!!**

Құрметті әріптестер,  
студенттер!

Көктем шуағын молынан төгіп, міне, Ұлыстың ұлы күні әз-Наурыз да келіп жетті. Шығыс күнтізбесі бойынша біздің табалдырығымыздан Барыс жылы аттады. Барыс айбаттылығымен, алғырлығымен ерекшеленеді. Ендеше, бұл жылда да алар асуларымыз бен ел игілігі үшін жасалар еңбегіміз көп болсын! «Ескі жыл есірке, жаңа жыл жарылқа» дейтін болсақ, өтіп бара жатқан жыл да еліміз үшін өте табысты болды деп есептеймін. Қазір де Еуропаның төрінде ЕҚЫҰ-ға төрелік айтып, төбе билік танытып отырмыз. Бұл Қазақстанды әлемнің мойындауының нақты көрінісі. Онда Елбасымыздың қажырлы еңбегі жатқаны белгілі. Ал оған үлес қосу әрбір ел азаматының өлшеусіз парызы деп есептеймін.

Көктем – жер дүниенің оянып, жаңа тірліктің басталған ерекше мезгілі. Самарқандтың көктасыеріп, ұйқыдан тұрып керілген әлемнің тамаша көрінісі – жанына жалын, жігеріңе серпіліс қосатын уақыт. Сонымен қатар, өткенге саликалы түрде көз жіберіп, болашақты сындарлы безбенмен салмақтайтын сәт. Ал оның әрқайсымыздың көкірегімізге мақтаныш сезімін ұялатып, келешекке деген үміт пен сенімді нықтай түсетіні даусыз. Осы орайда, Барыс жылында бағындырар белестеріміз одан әрі көбейіп, халықаралық қауымдастық алдындағы беделіміз арта берсін дегім келеді.

Сонымен қатар, көктем аяулы әжелеріміз бен ардақты аналарымыздың, ажарлы әпкелеріміз бен қарақоз қарындастарымыздың мерекесімен де ерекшеленеді. Сондықтан, ҚазҰУ-да қызмет атқаратын нәзік жан иелерін мейрамдарымен құттықтап, оларға әйел бақытын тілегім келеді!

Құрметті ҚазҰУ ұжымы және шәкірттер! Ұлыстың ұлы күні әз-Наурыз баршаларыңызға отбасылық бақыт пен шығармашылық табыс әкелсін. Үздік университеттен жыл сайын үздік маман-кадрлар түлеп ұшып, үздік оқытушыларымыздың еңбегі жана берсін демекпін!

## ӘЗ-НАУРЫЗ – БІРЛІК ПЕН ТЕҢДІК ЖАРШЫСЫ

Наурыз – шығыс әлемі үшін жыл басы ғана емес, көктемгі жаңару мен тіршіліктің, махаббат пен достықтың, татулық пен ынтымақтың мерейлі мерекесі. Қазақ халқы да ақ түйенің қарыны жарылған күн деп Наурызды тойлауға үлкен мән берген. Осы орайда, наурыздың 27-жұлдызы күні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жатақханаларында Ұлыстың ұлы күніне арналған дүбірлі мереке болып өтті.

Бұл күні жауған қарға қарамастан, студенттердің құтты мекеніне айналған қалашық ерекше думанға бөленді. Мерекелік көңіл күй әр жатақхана ауласынан сезілді. Жатақханалардың алдында отқа қойылған қазандардың буы бұрқырап, ұлық тойдан хабар бергендей. Ары-бері сабылған жастардың күлкілері жарқын, жүздері шаттыққа толы.

Жеті түрлі тағамнан тұратын дәмді наурыз көже дайындалып, арқан тарту, қол күрес, тоғызқұмалақ, сақина, соқыр теке сынды ұлттық ойындар ойнатылуымен қатар осы жылғы ерекшелік – барлық дерлік факультеттерде студенттер мен оқытушылардың «Қара жорға» биін жарыса билеуі. Демек, әдет-ғұрып, салт-дәстүріміздің насихатталуы мен мүлде жоғалып кете жаздаған ұлттық биіміздің кең қолданысқа ие болуына ҚазҰУ да өз үлесін қосуда. Сондай-ақ, филология факультетінде «Абай ауылы» деген атпен киіз үй тігілсе, тарих-шығыстану факультеттерінде наурыз көже дайындаудан, биология факультетінде қабырға газетінен жарыстар өткізілді. Ал, шетел азаматтары мен оралман бауырларымыз білім алып

жатқан дайындық факультетінде қазақ халқының мәдени құндылықтарынан сыр шертетін көрме ұйымдастырылып, онда қазақтың ұлттық тағамдары таныстырылды. Сонымен қатар мұнда оқитын шетелден келген студенттер өздерінің ұлттық тағамдарын дайындап, көпшілікке ұсынды. Осылайша, барлық факультеттер Наурыздың өз деңгейінде тойлануына барынша күш салды. Студенттер мен оқытушылар арасында еркін пікір алмасу алаңы орнады. Студенттердің жүздері бал-бұл жанып, ұстаздарына ризашылықтарын жаудырып жатты.

Сонымен, тамыры тереңге бойлаған Наурыз мейрамы Орталық Азиядан Балқанға дейінгі ауқымды өңірде үш мың жылдан бері ұлан асыр тойланып келе жатқаны белгілі. Биылғы жылдан бастап 200-ге тарта елді қамтыған БҰҰ Бас Ассамблеясының 21-наурыз күнін әлемдік мереке ретінде белгілеуі мұсылман әлемі үшін қуантарлық жайт болды. Ендеше, әз-Наурыз әлемдік береке-бірлік пен теңдіктің жаршысына айналғай!

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА



Наурыз айы туғанда, той болады бұл маңда. Ұлыстың ұлы күні келгенде, ҚазҰУ қалашығындағы Студенттер сарайында той болды. Бір емес бірнеше игі мерекелерді ұлықтай ұйымдастырылған бұл шара – «Студенттік көктем» фестивалі. Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерейтойына арналған «Студенттік көктем-2010» байқауы әз-Наурызбен тұспа-тұс келді. 26-наурызда, яғни көктемнің алғашқы күндерінің бірінде ҚазҰУ қалашығын мерекеге көмкерген бұл «Студенттік көктем» фестивалі – университеттегі барлық факультеттің студенттері мен колледж білімгерлері өнердің әр қырынан сыналатын, ауқымды шығармашылық жоба болып табылады. Көзі ашылған бұлақтай осы шараның арқалаған мақсатының нәтижесінде университетте білім алып жатқан жастардың рухани және мәдени жетістіктері артып, дарындылар шыңдалып, қоғамдық өмірдегі студент жастардың тұлғалық мәртебесі қалыптаса бастайды.

## «Студенттік көктем» ТАЛАНТТАРДЫ ШЫҢДАЙДЫ

Өнердің әр жанрынан – классикалық, халық, эстрада әндерін орындау, би билеу, авторлық сазды шығармалар, ұлттық аспаптарда шебер ойнау сияқты өнер түрлерінен студенттеріміз сынға алынып, сол байқаудың нәтижесі бүгінгі «Студенттік көктем» гала концертіне ұласып отыр. Осы шара барысында кімнің айы онынан туғаны анықталмақ. Байқау қорытындысы бойынша «Үздік хор», «Вокалды-аспап ансамблі», «Үздік жүргізуші», «Қазіргі за-

ман биі», «Жұлдызбен ән айту», сонымен қатар Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерейтойына арналған «Үздік әдеби-музыкалық композиция» номинациялары кімге бұйырар екен?! Қорытынды сәттің қашанда көпшілік жанкүйерді қобалжытып, сахнаға өкілі шықса, тақымын қысар күйге бөлейтінін осы фестивальге жинала бастаған көрермендерден аңғарғандаймыз. Залға жиналған көрермендер легі толастар емес. Сарай ішінде ине шаншар орын қалмады.

Жарық сөндіріліп, зал ішін фанфарлы әуен шарлады. Сахна шымылдығы сырғып ашылғанда сахна төріндегі өнерпаз қыз-жігіттеріміздің мерекелік киім үлгілері мен шапшаң би қимылдары көрерменге Наурыз келгенін, көктем шуақ шашқанын сезіндіре түсті. Осылайша көркемөнерпаздар байқауының жеңімпаздарын құттықтауға арналған гала концерт басталып та кетті.

(Жалғасы 3-бетте)

санда:  
**БҮГІНГІ**

Қазақ газеттерінің алды – тоқсан, арты – екі жаста



**2-бет**

Көңіл төріндегі таңдау – ҚазҰУ!



**4-бет**

Жұлдыздардан 100 гүл нәзік жүректерге жол тартты



**8-бет**

■ *Әріптестік*

2 наурызда халықаралық қатынастар факультетінің ұйымдастыруымен ҚазҰУ-ға Федеративті Германия Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі Райнер Ойген Шлагетер келіп, «Елшілік сағатын» өткізді.

## Елшілік сағаты – үлкен бастаманың негізі

Бұл ресми кездесуде университет ректоры Бақытжан Жұмағұлов бұл «Елшілік сағатын» Германияның Қазақстандағы жылына арналған шаралардың бастауы екендігін айтып, оның эстафетасын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қазақстандық ЖОО арасында алғашқы болып «іліп» әкеткендігіне тоқталды.

«Елшілік сағатқа» Қазақстан Республикасында тіркелген Федеративті Германия Республикасының дипломатиялық корпус өкілдері, олардың қатарында Федеративті Германия Республикасының Алматыдағы Бас елшісі, д-р Герольд Амелунг, мәдениет, экономика және баспасөз аттас елшісі Аня Зайферт және басқалары қатысты.

Елші Р.Шлагетер өзінің баяндамасын Герман-Қазақстан ынтымақтастығының және «2010 - Германияның Қазақстандағы жылы» шарасының негізгі бағыттарына арқау етті.

Одан кейінгі кезекте неміс елінен келген елшілер Германия мен Қазақстанның халықаралық ынтымақтастығына қатысты мәселелер төңірегіндегі өзекті сұрақтарға ой қосты.

Кездесуге университет оқытушылары, халықаралық қатынастар факультетінің студенттері, төртінші билік өкілдері де қатысты.

■ *Өз тілшімізден*



■ *Ақпараттық қоғам*

## Қазақ газеттерінің алды – тоқсан, арты – екі жаста

Наурыз айының 11 жұлдызында университетімізде, журналистика факультетінің ұйымдастыруымен «Қазақ газеттері» ЖШС-ның құрылғанына 10 жыл толуына орай «Қазақстан қоғамындағы ақпараттық процестер: PR, БАҚ менеджменті және маркетингі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Аталмыш конференцияда Қазақстан БАҚ-тарындағы менеджмент және маркетинг басымдықтары мен перспективалары талқыланып, ақпараттың өндірістік фактор ғана емес, қоғамды демократияландырудың, билік құрылымдары ашық-



тығының негізгі құралдарының біріне айналғанын баса көрсетті. Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруда идеология саласындағы ақпараттық байланыстарды тиімді басқару маңызды орын алып отыр. Сондықтан да мемле-

кетімізде ақпараттық қоғамды айқындайтын әлеуметтік-мәдени үрдістер – ақпараттық мәдениет, ақпараттық экономика, ақпараттық саясат және ақпараттық менеджмент пен маркетинг жолдары осы бастан қалана бастауы тиіс.

Конференцияға елімізге танылып жүрген журналистер Жұмабек Кенжалин, Нұрторе Жүсіп, Шәмшидин Паттеев, Жанарбек Әшімжан, Самат Ибраһым, Серік Жанболат, Ахмет Аяз, Ертай Айғалиұлы, Жүсіпбек Қорғасбек, Срайыл Смайыл қатысты.

Конференцияда саланың түйінді мәселелері талқыланып, білікті БАҚ менеджерлері студенттерге арнап арнайы шеберлік сыныптарын өткізіп, спорттық сауықтыру шараларын одан ары жандандырып, «Ана тілі аруы» байқауын қолға алатындықтарын жеткізді. Сонау жылдардан халық игілігіне айналған БАҚ құралдарының алды тоқсан, арты екі жаста екендігі айқындалды.

Жанат ҚАСЫМБЕКОВА

■ *Конференция*

## Дәрілік заттардың отандық өнімі артуы керек

«Дәрілік заттардың сапасы: мемлекеттік бақылаудың механизмі мен жолдарын қамтамасыз ету» тақырыбын өзек еткен ғылыми семинар 2 наурызда химия факультетінде өтті.

Семинарда Қазақстан Республикасындағы отандық өндірістегі дәрілік заттарды жасау мен шығару жөніндегі жұмыстардың ережелері мен перспективалары, сондай-ақ, Қазақстанның фармацевтикалық нарығына сырттан келіп түсетін дәрілік заттардың сапасы турасындағы мәселелер қарастырылды.

Бүгінгі таңда еліміздегі дәрілік заттарға қажеттіліктің 90% шетелдік, тек 9-10% отандық өнім есебінен

қанағаттандырылып отыр. Бұл мемлекеттің стратегиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) ұсынған деңгейден (20%) екі есе төмен көрсеткіш. Сондықтан ҚР фармацевтикалық өндірісі күрделі жағдайда тұрғандығы алаңдатпай қоймайды, өйткені өзіндік фармацевтикалық өндірісті жандандыру кез келген елдің ұлттық қауіпсіздігінің негізгі критерийі болып табылады. Маңызды мәселелер осы

жиында кең талқыға түсті.

Сонымен бірге аталған саланың мамандары жиналған бұл жиын өзіндік фармацевтикалық өндірісті құру, тиімділік пен қазіргі қалыптасқан өндірістердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сондай-ақ «Нұр Отан» партиясының қазандағы съезінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ел дамуының бірінші кезекті басымдықтары ретінде 2014 жылы отандық дәрілік препараттар үлесін 40-50%-ға дейін көтеру тапсырмасын нақтап қолға алуды көздеді.

Сондай-ақ, қазақстандық дәрілік өсімдік шикізатын

дәрілік заттар дайындайтын перспективті негіз ретінде пайдалану мәселесі сөз болды. ДДСҰ-ның болжауына сәйкес, жақын болашақтағы 10 жылда әлемдегі жетекші елдердің жалпы өнімінен өсімдіктен өндірілетін фармацевтикалық препараттардың көлемі 60%-дан аспақ.

Ғылыми жиынға ҚазҰУ-дың химия, биология факультеттерінің, С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің фармацевтика факультетінің студенттері мен оқытушылары да қатысты.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

■ *Сотрудничество*

## КазНУ начал праздновать год Германии в Казахстане

12 марта в КазНУ имени аль-Фараби состоялась международная научно-практическая конференция на тему «Концептуальные проблемы истории Центральной Азии и Европы в свете интеграции и модернизации». Мероприятие посвящено Году Германии в Казахстане.

В рамках конференции обсудили этнополитические и социально-экономические процессы в государственных образованиях Востока и Запада, идеологию евразийства: историко-культурные проблемы и перспективы. А так же тему – кочевая цивилизация и Казахстан: политика, социум, духовное развитие.

Цель конференции: конструктивное обсуждение ведущих тенденций и перспектив исторического развития и

международных отношений в условиях модернизации и интеграции, содействие развитию образовательных и научных связей.

В конференции приняли участие известные ученые и ведущие руководители и сотрудники крупнейших университетов, а так же научно-исследовательских центров ближнего и дальнего зарубежья (Воронеж, Иркутск, Омск, Новосибирск). В рамках Года Германии в Казахстане на конференцию приглашены М.Майер, профессор Тюбингенского университета, зам. директора Института Древней истории (Германия), К. Гества, профессор Тюбингенского университета, директор Института стран Восточной Европы

(Германия). Из России прибыл Водичев Е.Г., д.и.н., главный научный сотрудник Института экономики и организации промышленного производства Сибирского отделения РАН, Новосибирский Государственный университет, зам. руководителя приоритетного направления «Региональное развитие» (Россия).

А так же в рамках конференции был организован круглый стол. Где обсуждали тему: «Интеллектуальная элита Казахстана в свете евразийских идей Н.А. Назарбаева». Особо пристальное внимание ученые из ближнего и дальнего зарубежья уделили актуальной проблеме мировой исторической науки.

Меруерт МУХАМЕТЖАНОВА

■ *Олимпиада*

## В КазНУ прошли международные олимпиады по математике

Казахский национальный университет имени аль-Фараби совместно с Республиканским научно-практическим центром «Дарын» с 8-10 марта провел XXII Азиатско-Тихоокеанскую математическую олимпиаду (АТМО) и IX Математическую олимпиаду «Шелковый путь» (МОШП).

В АТМО приняли участие 38 стран: Аргентина, Австралия, Бангладеш, Камбоджа, Канада, Чили, Колумбия, Коста-Рика, Эквадор, Сальвадор, Гонконг, Индонезия, Япония, Казахстан, Корея, Кыргызстан, Малайзия, Мексика, Новая Зеландия, Пакистан, Панама, Перу, Филиппины, Пуэрто-Рико, Катар, Россия, Сингапур, Шри-Ланка, Тайвань, Таджикистан, Таиланд, Тринидад и Тобаго, Туркменистан, США, Гондурас, Южная Африка, Турция, Уругвай.

В МОШП принимают участие страны, расположенные вдоль Великого Шелкового пути: Казахстан, Узбекистан, Кыргызстан, Туркменистан, Турция, Азербайджан, Китай и др.

Данные международные математические олимпиады проходят дистанционно. То есть, местные оргкомитеты стран-участниц предварительно получают от соответствующей

щих координационных комитетов условия задач и критерии оценивания, и самостоятельно проводят олимпиады в своих странах в одно и то же время. Дистанционная форма проведения олимпиад позволяет большому количеству школьников принять участие в этих престижных международных соревнованиях.

В этом году участвовали более 100 казахстанских школьников старших классов из всех областей республики.

По результатам двух олимпиад победителями стали около 15-ти школьников. Сейчас идут переговоры с министерством образования о том, чтобы победители не участвовали в ЕНТ. А так же призеры получают возмещение государства в любом казахстанском вузе.

Соб. корр.

■ *Мерейтой*

## Қазақ тілінің ауқымы кең

26 наурызда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология факультеті мен қазақ филология кафедрасының ұйымдастыруымен филология ғылымдарының докторы, профессор Әмір Рақыш Сәтұлының 80 жылдық мерейтойына арналған «Қазақ тілін коммуникативтік, функционалдық бағытта зерттеу және оқытудың инновациялық технологиялары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.

Конференцияда қазіргі қазақ тілі синтаксис және коммуникативті грамматика мәселелері, терминология, БАҚ тілі, қазақ тілінің стилистикасы және тіл мәдениеті сияқты бірнеше тақырыптар кеңінен талқыланды.

Қазақ тіл білімі, жалпы тіл білімі және әдістеме салалары бойынша конференцияға Қазақстандағы ЖОО-ның профессорлары мен оқытушылар құрамы, шетел ғалымдарынан Қытай, Ресей, Өзбекстан, Түркия ғалымдары да қатысты.

Мерейтой иесі Рақыш Әмір қазақ тілін орыс мектептерінде оқытудың пионері деуге болады, оның 1958 жылы орыс мектептерінің II-IV кластарына арнап шығарған «Қазақ тілі» оқулығы тілді үйретуді тәжірибелік жолға қоюдың алғашқы үлгісі болды. Ол 2009 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен марапатталған.

Саягүл ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ



Репортаж



университетінің ректоры, академик Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұлов шақырылды. Сонымен ҚазҰУ ректорының құрмет грамотасы мен 50 000 теңге бағалай сыйлық – барлық талаптардан сүрінбей өтіп, «Студенттік көктем» байқауының 3-орнын жеңіп алған география факультетіне бұйырып, факультеттің деканы Надиров Шерипжан Марупұлы марапатталды.

Сондай-ақ, жүлделі 3-орын биология факультетіне де берілді. Сахнаға факультет деканы Шахламетова Тамара Минажқызы шақырылды. Факультет жеңімпаздарына ректордың атынан құрмет грамотасы және 50 000 теңге көлемінде ақшалай сыйлық тапсырылды.

ҚазҰУ ректорының құрмет грамотасы мен 70 000 теңге көлеміндегі ақшалай сыйлық пен «Студенттік көктем» байқауының 2-орны экономика және бизнес факультетіне бұйырып, жүлде факультет деканы Жүндібаева Баян Ермекбайқызына табыс етілді.

Ал, «Студенттік көктем» байқауының жүлделі 1-орны әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің колледжіне берілді. Қошметпен ортаға колледж директоры Каримова Бейбітқұл Сарсенханқызы шақырылып, байқау жеңімпазына 100 000 теңге көлемінде ақшалай сыйлық ұсынылды. Алға шапқан бап па, әлде бак па, міне, байқау қорытындысы осылай болды. Әр жеңімпаз көзінде қуаныштың күлкісі ойнап, бақыттың белгісі сезілді. Олардың қуаныштарында шек жоқ. Үздік университеттің үздіктері атану, әрине, үлкен қуаныш әрі мол жауапкершілік жүктейтіні белгілі. Тек, жеткенге тоқмейілсмей, әлі де алар асуға ұмтыла білсе болғаны. Ал, жеңгені тасымай, жеңілгені жасымай, университет өмірін мәнді де сәнді ете білу – әрбір ҚазҰУ азаматына міндет. Тапсырылған құрмет дипломы да соны аңғартса керек. Қуанышқа шаттанған жеңімпаздар естелік суретке түсіп, бірін-бірі құттықтап, мәре-сәре болды. Әрине бұл – қуаныштан шаттанар күн. Бұл күн өз-Наурыз табалдырығымыздан аттап, төрімізге Ұлыстың ұлы күні келіп, Барыс жылының енген күні. Бұл күн – Ұлы Жеңістің 65 жылдығы. Қуансаң, сен қуан, қазақ елі. Жеңісің көп болсын, қазақ елі, дегеннен басқа айтар жоқ. Осы орайда жеңімпаздарды марапаттаған ҚазҰУ ректоры Бақытжан Жұмағұловтың: «Құрметті әділ-қазылар, өнер қайраткерлері, біздің студенттеріміздің өнерін бағалағандарыңызға алғыс білдіріп, көп рахмет айтамын. Жана жыл Наурыз келді. ҚазҰУ қалашығы көгеріп, жайнап келе жатыр. Бүгін, міне, университетіміздің 2500 студенті қатысқан көлемді шара да көктемге ер қосып отыр. Біздің студенттердің спорт, өнер, оқу, ғылым жағынан да өте талантты екендігін тағы бір дәлелдедік. Жеңімпаз факультеттермен барлық қатысушыларға қуаныштарыңыз құтты болсын деймін. Жасай беріңіздер!» – деген тілегін тілге тиек етіп, мерейіміз асқақтай берсін дейміз.

# «Студенттік көктем» ТАЛАНТТАРДЫ ШЫҢДАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Университеттің әнші қызына айналған М.Есмұханбетованың орындауындағы «Наурыз» әні көпшіліктің соңына жадыратып, қошеметпен сөңілден алқан дауысын көтере түсті.

«Әз-Наурыз ақ несібе

құйылған күн,

Ойдағы, қырдағы жұрт

жиылған күн.

Береке, ынтымақтың

бастауындай,

Тұсауы келер жылдың

қиылған күн»,

– деп жүргізушілер топ жарып, жиылған қауымды Наурыз мейрамымен құттықтады. «Ұлыс он болсын, жақсылық, қуаныш мол болсын» деген тілек айтты. Ақ жаулықты әжелеріміздің бейнесіне енген аруларымыз шашу шашты. Наурыздан ырым-жоралғы жасады.

«Студенттік көктем-2010» көркемөнерпаздар байқауының маңыздылығына тоқталған жүргізушілердің бірі бұл шараны студенттер өміріндегі ең елеулі мерекелердің біріне баласа, енді бірі: «...қанат ұшса қатайды. Жас өркендердің таланттары мен өнерге деген таудай талаптары – болашаққа ұшар қанаттары болмақ», – дейді.

Міне, көптен күткен сәт те жетті. Тағы бір жүргізушінің сөзінше сабақтар болсақ, «үміті шынның шынарындай болған, үні таудың таза бұлағындай, қанаттары қатаймаған, жас өнерпаздарды» марапаттау кезеңі басталды. Номинация иегерлерін марапаттау үшін сахна төріне байқауға тәрағалық еткен белгілі сазгер, продюссер, музыка өңдеуші Ермек Елгезекөв көтерілді. Ол өз сөзінде: «Білім мен өнерді қатар игерген адам жұтамайды. ҚазҰУ студенттері, сіздер сол бақытқа ие болып отырсыздар. Болашақ Парламент депутаттары сіздердің араларыңызда отырғанына да сенімдімін. Жортқанда жолдарыңыз болсын!» – деген жылы лебізін жеткізді. Одан кейінгі кезек жеңімпаздарды марапаттауға берілді. Бір әскерлерлі жеңімпаздар бүгінгі гала концертке дейінгі аралықта өз өнерлерін әділ-қазылар алқасына паш етіп, еліміздің өнер жұлдыздарымен бірлесе ән шырқап, өнер көрсеткен болатын. Ал, бүгінгі марапаттау кезеңі сол көрсетілімнің

қорытындысы бойынша жүзеге асып отыр. Диплом табыс етудің алғашқы марапаты «Жұлдызбен ән айту» номинациясына берілді. Аталған номинацияның 3-орнын «Каспий» тобының мүшесі Мұрат Қожамен жұп құрып, ән салған шығыстану факультетінің студенті Толқын Мырзақимова, «Каспий» тобының мүшесі Дидар Мұналбаевпен ән салған халықаралық қатынастар факультетінің студенті Лаура Өтеуова иемденді; осы атау бойынша 2-орын Медеу Арынбаевпен ән шырқаған биология факультетінің студенті Мұхит Абылқасым және «До Мажор» тобымен қосыла ән орындаған география факультетінің студенті Марал Жанекееваға бұйырса, «Жұлдызбен ән айту» номинациясының 1-орны Қайрат Түнтековпен дуэт құрған университетіміздегі колледждің студенті Малика Есмұханбетоваға табыс етілді. Одан кейінгі кезек «Ұлы Жеңістің 65 жылдығына арналған әдеби-музыкалық композиция» номинациясы бойынша жүлдегерлерді марапаттауға жетті. Аталған номинацияның жүлделі 3-орнын география факультеті, 2-орнын биология факультеті жеңіп алса, 1-орынды көрерменнің көкейіне ой салып, сахнада шеберлік танытты деп танылған колледж өнерпаздары иеленді. Жанкүйерлердің ыстық қошеметі де қалын болды.

Тағы да бір номинация Ұлы Жеңістің 65 жылдығына арналған әскери-патриоттық әндерді орындауда шеберлік танытқан жеңімпаздарды марапаттауға арналды. Жеңімпаздарды құттықтау үшін сахнаға қазақ эстрадасының жарық жұлдызы Медеу Арынбаев шақырылды. Нәтижесінде аталған номинацияның жүлделі 3-орнына тарих және журналистика факультеті лайықталса, 2-орынды университеттің колледжі иеленіп, «Ұлы Жеңістің 65 жылдығына арналған әскери-патриоттық ән» номинациясының 1-орны көрермен жүрегіне жылулық отын жағып, әсерлі ән сыйлай білген филология факультетінің өнерпаздарына бұйырды.

Келесі кезек байқаудың хор жанры бойынша өнер көрсеткен қатысушыларын марапаттауға келді. Сарапшылардың пікірінше, барлық үміткер бұл сала бойынша жоғары дәрежеде өнер көрсеткен екен. Сол



себепті де әділ-қазылар алқасына жүзден жүйрікті бірден анықтау оңайға түспеген көрінеді. Десек те жарыс болған соң жеңімпазды жариялау міндет. Сонымен, «Ең үздік хор» номинациясының жеңімпаздарын марапаттау сәті басталды. Аталған марапаттың 3-орнына экономика және бизнес факультеті, 2-орынға география мен механика және математика факультеті лайық деп танылса, «Ең үздік хор» номинациясының 1-орнын университеттің колледж ұжымы жеңіп алды.

Ән орындау шеберліктерімен көзге түскен өнерпаздарымыз құттықталғаннан кейінгі кезек «Қазіргі заманғы би» номинациясына жетті. Жүлдегерлерді марапаттау үшін хореограф, балетмейстер, халықаралық байқаулардың лауреаты Шара Нақыпбекқызы сахнаға шақырылды. Аталған номинацияның 3-орнын биология факультеті, 2-орынды экономика және бизнес факультеті мен физика факультеті иемденсе, 1-орынға ҚазҰУ-дың колледжі лайық деп танылды.

Байқасақ, ҚазҰУ студенттері өнердің әр қырына бейім екен. Осы орайда жастар вокалды-аспаптармен ән салуды да жетік игеріпті десек те болатындай. Себебі, олар «Вокалды-аспаптар ансамблі» номинациясы бойынша да жақсы көрсеткішке жеткен екен. Сонымен сахна төріне аталған сала бойынша жеңімпаздарды құттықтау үшін «Каспий» тобының мүшесі Мұрат Қожа шықты. Аталған номи-

нацияның 3-орнын колледж өнерпаздары иеленсе, 2-орынды физика факультеті ал, 1-орынды заң факультетінің студенттері жеңіп алды. Дана халқымыз «топ бастау қиын емес, сөз бастау қиын» дейді. Ал, ҚазҰУ студенттері бұл қиындықтан да сүрінбей өткен. Себебі, осы байқау барысында «Ең үздік жүргізуші» номинациясы бойынша да дарындылар таңдалып, өз деңгейінде марапатқа ие болды. Мәселен, аталған жүлде бойынша 3-орынға химия факультеті мен колледж студенттері лайықталса, 2-орын философия және саясаттану факультеті мен экономика және бизнес факультетінің студенттеріне бұйырып, 1-орынды физика факультеті жеңіп алды. Жеңімпаздарды ҚазҰУ түлегі, шоумен, тележүргізуші, журналист Ринат Думанұлы марапаттады.

Енді байқаудың шарықтау шегі де жетті. Байқаудың шартына сәйкес барлық номинациялар бойынша жоғарғы көрсеткішке жетіп, жүлделі орындарға ие болған факультеттерді марапаттау, яғни нағыз жүзден жүйрік шыққан жеңімпаздарды жариялау сәті туды. Сахна төріне әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық

P.S.

«Студенттік көктем» әрі қарай концерттік бағдарламаға ұласып, жеңімпаздардың өнерін тамашалаумен жалғасты. Көрермен де, қатысушы да бір серпіліп, қуанышпен тарапты.



■ Наука

■ Білім сайысы

В конце февраля 2010 года КазНУ им.аль-Фараби и общественность Казахстана отметили 100-летний юбилей Т.Т.Тажимаева видного ученого, общественного деятеля.

# Диалог поколений

Открытие митинга началось с выступления ректора университета, академика Б.Т.Жумагулова. Бакытжан Турсынович отметил выдающиеся заслуги Т.Т.Тажимаева как крупного ученого, первого доктора педагогических наук, академика АН КазССР, ректора первого вуза – флагмана образования Республики, знаковой фигуре в политике – первого министра иностранных дел, министра культуры Казахстана.

Т.Т.Тажимаев родился в 1910 году в семье крестьянина-бедняка в ауле №9 (Суткент) Арысского района Южно-Казахстанской области. В семь лет остался сиротой – отец, мать, братья и сестры умерли от голода и эпидемии в 1917 году. «Однажды наш отец подобрал на улице малыша-казаха, – пишет в воспоминаниях русская сестра Тажимаева Клавдия. – Он был в очень тяжёлом состоянии. Но Тулеген быстро поправился и оказался милым, умным ребёнком».

Для КазНУ им. аль-Фараби огромное значение имеет его вклад в становление и развитие первого в стране национального вуза. Т.Тажимаев стал третьим в истории университета ректором, проработав в этой должности почти семь лет. Тулеген Тажимаев был назначен ректором КазГУ им. С.М. Кирова Приказом Министерства высшего образования СССР №235/к от 15 марта 1948 года.

Находясь на посту ректора КазГУ в очень сложный исторический период (1948-1954), Т.Тажимаев очень бережно относился к людям и тем самым сохранил кадровый потенциал университета, создав условия для его дальнейшего развития. Уделяя огромное внимание подготовке специалистов в различных отраслях знания, оказывал всестороннюю поддержку моло-

дым ученым. Был сторонником и первооткрывателем казахских отделений на факультетах. Создал с нуля геолого-географический, биолого-почвенный факультеты. На факультете создали биологический музей, включавший в себя отделение зоологии позвоночных, зоологии беспозвоночных, ботаники и дарвинизма.

На отделении журналистики был оборудован кабинет печати. Ректор КазГУ им. С.М. Кирова Тулеген Тажимаев считал необходимым для университета иметь свой печатный орган, который был им создан. Газета называлась «За отличную учебу». Тираж газеты к февралю 1951 г. составил 300 экземпляров. А так же Тулегену Тажимаеву принадлежала идея создания университетского городка.

Т.Тажимаев, будучи политическим и государственным деятелем, дипломатом и руководителем, был еще и замечательным профессиональным педагогом-психологом. Стоит отметить что Тулеген Тажимаев первый в отечественной истории профессиональный психолог – казах, защитивший кандидатскую и докторскую диссертации в Ленинграде.

В целях культивирования и пропаганды университетских традиций продолжение юбилейных мероприятий запланировано на 10 июня 2010 года. В КазНУ им.аль-Фараби пройдет международная научно-практическая конференция «Современные проблемы высшего образования: достижения и перспективы», посвященная 100-летию выдающегося ученого Тажимаева Тулегена Тажимаевича чья жизнь является примером преданного служения людям, науке, стране.

**кафедра общей и этнической педагогики факультета философии и политологии**



# Көңіл төріндегі таңдау – ҚазҰУ!

**«Әл-Фараби - 2010» пәндік олимпиадасы Қазақстанның барлық ірі қалалары мен аудан орталықтарынан, шалғайдағы ауылдардан келген жас өрендер арасында биылғы жылы да өзінің білім шырағын жақты. Иә, арманы – еліміздегі жетекші оқу орны саналатын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқып, білім мен ілімнің бастауынан сусындағысы келген еліміздің білімпаз да өнерпаз жастарына Алтай өңірінің қатал қысы, Сарыарқаның қаһарлы аязы да кедергі бола алмағандай.**

Биылғы жылы да ҚазҰУ-дың бастамасымен ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен екінші рет өтіп жатқан пәндік олимпиада түлектерге мол мүмкіндік ұсынып отыр. Үстіміздегі жылдың 16 ақпаны мен 13 наурыз аралығында өтіп, республиканың 16 қаласын қамтыған олимпиада күндерінде аталмыш университеттің тәжірибелі ғалым-ұстаздарынан жасақталған жылжымалы комиссия бір ай бойы жауапты міндеттерін атқарды. Ал, комиссия жұмысының өз деңгейінде жүргізілуіне қалалық және облыстық білім беру басқармасының және «Дарын» республикалық ғылыми орталығының аймақтағы бөлімшелерінің білікті мамандары көп көмегін тигізді.

Олимпиадаға өткен жылы 5900 түлек қатысса, биыл олардың саны 12 мыңға жуықтады. Ал, қатысушы мектептер саны былтыр - 523 болса, биыл - 996-ға жетті. Пәндік олимпиадада жүйрік шыққан түлектер университетке оқуға қабылдауда жеңілдіктерге ие

болады. Жеңімпаздарға және оларды даярлаған мектеп ұжымына салтанатты жиында демеушілердің арнайы сыйлықтары табыс етіледі.

Биылғы білім сайысының ерекшелігі – барлық мектептерде «әл-Фараби - 2010» олимпиадасы, ҚазҰУ жайлы видеосюжеттер көрсетілуінде. Университет жайындағы мәнді де мазмұнды ақпараттық таныстырылым залға жиылған әр түлектің көкейіндегі арманының бейне көрініспен толығы түсуіне себепкер болғаны хақ. Тағы бір ерекшелігі – биылғы жылы білімпаз жастардың физика, биология, география және ағылшын тілі пәндерін таңдауы басым екен.

Міне, сын сағат та басталды. Республикамыздың 16 қаласының 16 мектебі. 300-ге жуық аудиторияға бір күнде бір мезгілде енген үміткер өзі таңдаған пәні бойынша берілген тест сұрақтарына жауап беруде. Жауапты да тылсым сәттің кейде ұзарып, бітпей кететіндей көрінетіні бар. Білім қуған ізденімпаз жастың тәтті арманы енді сыннан мүдірмей өтсе деген сеніміне ұласады.

Бұл сәтте олимпиада өтуіне жауапты ұстаздар қауымы да тыным көрмей аудитория аралауда. Шығыс Қазақстан облысы бойынша олимпиаданы ұйымдастыру мен оқушылардың қалаға келіп жетуін бақылаған бас әдіскер Айман Калитованың айтуынша, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне түсуді қалайтын түлектердің қатары жыл сайын артып келе жатқан көрінеді. Оның үстіне биыл тапсырыс берген оқушы саны 800-ден асқан екен. Алайда, қыстың соңғы күндері сел қауіпі күтілгендіктен, үйінде қалған балалар көп дейді.

Еліміздің Оңтүстік өңірі – олимпиадаға түлектерді ең көп тартқан

аймақ. Сол себепті, қатысушы саны 1400 болғандықтан, алдымен Шаян, Бәйдібек, Созақ, Отырар сияқты аудандарды қамтыған сынақ Түркістан қаласында өтсе, келесі күні олимпиада Шымкент қаласында жалғасын тапты. Комиссия мүшесі, аға оқытушы Жарылқасын Жаппасов оқушылардың олимпиадаға деген ынтыасы артып отырғанын жеткізді.

Осы аралықта сынақ сәті де аяқталды. Енді білімпаз жастар арман мен сенімін жүктеген жауап парақтарын өткізіп, сыртта сарыла күтіп тұрған ата-анасы, достарымен қауышуға ұзап бара жатты. Алда – сан түрлі сұрақ. Бірақ – таңдау біреу. Ол – ҚазҰУ. Балалық шақтан арманның ақ желкеніне айналып, жеткіншек жастың таңдауына айналған қасиетті де қастерлі университет. Ақыл мен жастықтың, білім мен ойдың патшалығы атанған университет. Осынау қасиетті ғимаратты алғаш аттауға талпынған жас адам ерекше толқып, өз кәсібінің маманы болсам, жаңа достар, ғылымға баулитын ұстаз тапсам деп армандап, биіктерге қол созады. Сол себепті олимпиада есігін жасқана ашып, имене табалдырығын аттаған әрбір жастың көңіл төріндегі таңдауы ҚазҰУ еді.

**Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,**  
журналистика факультетінің доценті

■ Ярмарка

# КазНУ – залог успешной карьеры!

**19 марта в Казахском национальном университете имени аль-Фараби состоялась первое заседание Совета работодателей КазНУ и Ярмарка вакансий-2010. В этом году Ярмарка вакансий проходит при участии свыше 40 национальных, международных и частных организаций, активно привлекающих на временную и постоянную работу молодых специалистов.**



ректору вуза Бакытжан Жумагулов вручил юбилейную медаль.

В состав Совета работодателей КазНУ вошли крупнейшие компании, представляющие раз-

ные сферы деятельности и экономики Казахстана: АО «Фонд национального благосостояния Самрук-Қазына», АО «Народный банк Казахстана», НАК «Казатомпром», Национальное космическое агентство РК, Национальный научно-технологический холдинг «Парасат», ТОО «GSM Казахстан», АО «Казфосфат», АО «Национальная компания «Казмунайгаз», АО «Евразийский Банк», ТРК «Ел Арна» и др. Эти же компании на ярмарке вакансий проходили после заседания Совета работодателей развернули свою рекламную агитацию перед студентами головного вуза страны.

По словам компаний-участников ярмарки, их плодотворное сотрудничество с нашим университетом уже не первый год. Организации и предприятия, на которых уже работают выпускники КазНУ, весьма довольны профессионализмом наших выпускников. Это еще раз подтверждает что КазНУ является кузницей кадров. Участие студентов в ярмарке вакансий дает возможность найти работу по специальности, несмотря на то, что в последнее время становится все менее возможным. «Казахстан сейчас буквально «задыхается» от нехватки высококвалифицированных кадров, а Казахский национальный университет «подпитывает» отечественный и зарубежный

рынки труда своими специалистами» - говорят представители компаний.

Наибольшим спросом на ярмарке пользовались студенты с экономическим образованием. Представители банков и финансовых компаний утверждают, что, несмотря на столь огромное количество экономистов на рынке труда, спрос на них не перестает расти: «Но это совсем не значит, что обладатели узких специальностей должны остаться за бортом. Такие специалисты, как географы-метеорологи, переводчики-синхронисты, журналисты-аналитики и т.д. тоже нужны компаниям».

Студенты, которые пришли на ярмарку вакансий, отметили, что перспективы перед студентами КазНУ очень большие, надо просто найти свое при выборе будущей работы.

КазНУ ставит своей задачей не просто обеспечение своих студентов качественным образованием, а помочь выпускникам с дальнейшим трудоустройством. И девиз университета подтверждает это: «Диплом и образование получишь в любом другом вузе, а успех и престижную работу - только окончив КазНУ».

**Назгуль ШУПШИБАВА,**  
1 курс факультета журналистики





■ Кафедра

■ Пікір-сайыс

## «Болашақ ана» деп атауға қорқамын

«Адам беделді индивидтің арқасында тәрбиеленеді» деген әл-Фараби бабамыздың сөзінде үлкен мән бар. Өкінішке орай, бұл сөздің мәніне қазіргі «саналы» деп жүрген ұрпақтарымыз да, олардың ата-анасы да терең бойлай алмай жүр. Ата-ана баланың бойындағы тәрбиенің негізін берік қаласа, осы күнде бұрыш-бұрышта шылым тартып, екі ауыз сөзінің бірінде бей әдеп сөздер айтып, үлкендердің айтқан ескертпесіне ерсілі-қарсылы сөйлеп тұратын ұл-қыздар болар ма еді?..

Қазіргі заманда шылым шегетін ер кісілердің орнын өрімдей жас қыздар басты. Ашықтан-ашық, үлкен-кіші демей, әр жерде шылымды шікірейіп шегіп тұратын қыздарды «болашақ ана» деп атауға қорқамын... Себебі, сау бала дені сау анандан ғана туылады. Ендеше, құрметті оқырман, сіздің санаңызда «бұл мәселенің шығу себебі, қоғамда белең алуы неден?» деген занды сұрақ тууы мүмкін. Айтайын: мәселенің шығу себебі — қазіргі жастардың батысқа еліктеуі, ал, қоғамда белең алуы — «әй дейтін әженің, қой дейтін қожаның жоқ болуы». Осы орайда, есіме еріксіз бір оқиға оралуда. Өткен жексенбіде құрбым екеуіміз азық-түлік алғалы «Арзан» сауда орталығына барғанбыз. Аралап жүріп, бір кезде «Мама, а ты купишь мне сигареты?» деген сөз құлағыма түрпідей тиді. Бұрылып қарасам, 14-15 жас шамасындағы «аузынан ана сүті кеппеген, сары ауыз балапан». Содан, анасы не дер екен деп сөзіне құлақ салдым. Анасының жауабы мынау болды: «Да, конечно, куплю, когда ты подрастешь еще немножко...». Ал, ендеше. Маскара! Сөйлеп тұрғандар — қазақтың анасы мен баласы. Сол ата-ананың өздері баласының, немересінің жанында тұрып, темекінің түтінін «поровозша» будақтатқанын көріп, даудың басы қайдан шыққанын еріксіз түсінесің...

Қай заманда да ананың негізгі мақсаты — ұл-қызына тәлім-тәрбие беру, инабатты, ибалы қыз, намысы мен қайраты тасыған жігерлі ұл тәрбиелеу. Сонда қазіргі қоғамдағы аналардың мақсаты қандай? Жалпы, ұл-қыз тәрбиелеуді алдарына міндет етіп қойған ба? Менің ойымша, жоқ! «Болашақ ана» атанғалы жүрген қыздардың тұстұста шылым шегіп тұрғанына қарағанда, олардың ертең санасы, ойлау қабілеті төмен, денсаулығы нашар сәбиді дүниеге алып келемін деп қам жемегені, болашақ ұрпағы үшін қорықпағаны. Ғалымдардың дәлелдеуі бойынша, дүниеге сау ұрпақтың келуіне кедергі болатын негізгі үш фактор бар. Олар: шылым шегу, нашакорлық, алкогольді суындарды пайдалану. Байқап отырсақ, бұл факторлардың үшеуі де қазіргі бойжеткендердің бойынан табылады. Оған дәлел ретінде Алматы қаласының кез-келген көшесін, аялдамаларын, дүкендерін, саябақтарын, тіпті оқу орындарын айта аламыз. Бұдан шығатын қорытынды, білімді де білікті, қоғам өміріне белсене араласатын, дені сау, мемлекетіміздің тірегі, болашағы болатын жас ұрпақты дүниеге әкелетін «болашақ аналарымызға» олардың негізгі міндеті — бала тәрбиелеу қызметін жаңғырту мақсатында түрлі кешенді психологиялық тренингтер өткізіп, БАҚ арқылы шынайы ана бейнесін, қызметін қайта жаңғырту керек. Сондай-ақ, ЖОО-лардағы студенттерге арналған рухани сыр-сұхбат, дөңгелек үстелдер өткізу қажет деген ұсыныстар айтар едім.

Ең бастысы, ана болудың маңыздылығын, мәнін түсінетін тыңдар құлақ көп болса дейміз.

Ұлболсын ІЛИЯСҚЫЗЫ,  
филология факультетінің  
1-курс студенті

Наурыз айының 13-14 күндері ҚазҰУ-ға сөз мергендерінің доғасы гүркіреді. «Алтын сапа» пікірсайыс клубының ұйымдастыруымен өткен «Ректор кубогына» арналған республикалық турнир ҚазҰУ-ға «Интеллектуалды ұлт — 2020» тақырыбында өтті.



# РЕКТОР КУБОГЫ...

## ҚазҰУ тарихында бірінші рет

«Өнер алды — қызыл тіл» дейді атам қазақ. Бүгінде сол қызыл тілді өздерінің интеллектуалдылығымен, білімділігімен, мәдениеттілігімен ұштастырушылардың бірі — пікір-сайысшылар қауымы деп білемін. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген аталы сөзді жаңғыртып, ойынның әділ өтуіне тікелей себепкер болатын төрешілерге қатаң талаптар қойып, сынақтан өткіздік. Тест сұрақтары мынадай сипат алды: «Құндылықты үлгіде мәселенің шешу жолын кім ұсынады? Орташа бағалау балы қанша? Сіз онтүстіктенсіз. Даттаушы топ солтүстіктен, ал, жақтаушы топ онтүстіктен. Сіз кімге жоғары балл қоясыз?» Сынақ нәтижесінде жоғары балл алған, сұраққа объективті түрде жауап берген төрешілер ойынға жіберілді. Ойынның бас төрешілері, сәйкесінше,

ҚазҰУ студенттері, белді пікір-сайысшылар — Дархан Өмірбеков мен Ақнұр Жидебекқызы болды. Сондай-ақ, ойынға түрлі турнирлердің жеңімпаздары шақырылды. Олар: Айдос Алтынбек, Руслан Желдібай, Ерболат Мұхамеджанов, Айсұлу Молдабек және т.б.

Аталған турнирдің тағы бір ерекшелігі ретінде командалардың жұптасып, сетка құруы мен ойналатын тақырыптарды жеребе арқылы анықтауын айта аламыз. Ал, енді турнир барысына тереңірек үнілсек. Турнирде барлығы 11 тақырып ойнатылды. Олар: Бұл палата ЕҚЫҰ — ны реформалау жолдарын ұсынады; Сырттай білім алу ақталады ма? Бұл палата Қазақстандағы ғылымды дамыту жолдарын ұсынады және т.б.

Турнирде барлығы 35 команда бақ сынасты. Коман-

далар кең байтақ жеріміздің түкпір-түкпірінен жиналды. Атап айтсақ, Астана қаласынан — Л.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университет, Тараз қаласынан — А.Яссауи атындағы МКТУ және Алматы қаласынан — С.Асфендияров атындағы медициналық академия, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ, Т.Рыскулов атындағы ҚазҰУ және т.б.

Ойынның ширек финалына 8 команда өтті. Жартылай финалға 4 команда өтті. Олар: «Жеті жарғы» (Астана), «МКТУ» (Тараз), «CITIZEN» («Азамат» жастар парламенті), «Эрудит» (Алматы). Сәйкесінше, ақтық мәреге 2 команда оқ бойы озып шықты. Олар: «Жеті жарғы» (Астана) және Тараздан келген қонақтарымыз «МКТУ» пікір-сайысшылары. Олар «Сырттай білім алу ақталады ма?» деген тақырыпта сөз таластырды.

Жеңімпаздармен қатар турнирде үздік төрешілер мен үздік спикерлер марапатталды. Үздік төрешілер қатарына Ерболат Мұхамеджанов, Айдос Алтынбек кірсе, үздік спикерлер Әйгерім Құсайынтегі, Сая Бегалы сынды команда өкілдері алғыс хатпен марапатталды.

Сонымен, ҚазҰУ-да өткен «Ректор кубогына» арналған турнирдің 3-орынына «Азамат» жастар парламентінің «CITIZEN» командасы лайық деп танылды. Команда ойыншылары Айтолқын Болат пен Еркебұлан Әзімханұлына ректордың арнайы дипломы мен LG шаңсорғыштарын «Алтын сапа» пікір-сайыс клубының координаторы Ақнұр Жидебекқызы табыс етті. 2-орынды алыстан ат терлетіп келген Тараз қаласының ойыншыларының «МКТУ» пікір-сайыс командасы иеленді. Оларға ректордың 2-денгейлі дипломы мен LG қысқа толқынды пешін сыйға тарту үшін ортаға пікір-сайыстың белді ойыншысы, түрлі турнирлердің жеңімпазы Нұрсұлтан Құрманов шықты. Ал, енді тағаттана күткен сәт те жетіп қалды. Турнирдің оқ бойы озып шыққан үздік ойыншылары — Елордамыздың жүгін аркалап келген, Ерназар Абдуалиев пен Нұркен Хамабетов бастаған «Жеті жарғы» командасы болды. Жеңімпаз командаға «Ректор кубогы» мен LG сұйық кристалды теледидары және Ыстық көлге 2 жолдама табыс етілді. Бас бәйгені «Азамат» жастар парламентінің белді мүшесі, тәжірибелі пікір-сайысшы Дархан Өмірбек тапсырып, жеңген команданы ағынан жарыла құттықтады. Бізде жеңістеріңіз жемісті болсын деген тілекпен қайттық.

Ұлболсын ПАРМАНОВА,  
«Алтын сапа» пікір-сайыс  
клубының мүшесі

■ Байқау

# Асыл қазына кепілі

Адам жанының рухани өсуінде ең асыл қазына кітап десек, ал кітаптың жасалуы мен жарыққа шығуын жүзеге асыратын маман — баспагер болса, кітап мазмұны мен сауаттылығына бірден бір жауапты кадр — редактор. Ендеше, аталған мамандықтардың заманауи өмірдегі маңыздылығын академик Б.Т.Жұмағұловтың: «Егер сіздер терең мән берсеңіздер, кәсіби өмірдегі ең сауатты маман — редактор. Өйткені, редактор білімді де білікті авторлардың қолжазбаларын оқиды, редакциялайды, кітап етіп шығарады. Түсінген жанға, бүгінгі замандағы кемел адам — Баспагер. Себебі, баспагер адамзат ақыл ойының асыл қазынасы — қымбат кітаптарды шығарумен айналысады» деген жүрекжарды лебіздерінен аңғаруға болады.

Осы орайда, еліміздегі ЖОО арасында «Баспа ісі» саласы бойынша маман-кадрлар дайындайтын жетекші білім ордасы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде 25 наурызда өткен Республикалық «Болашақ баспагер-редактор» байқауының да қоғам үшін маңыздылығын зерделеуге болады. Қазақстандағы үздік оқу шаңырағы мен Алматы қаласы әкімдігі және бұқаралық ақпарат құралдары мен баспалардың жұмыла көтерген еңбегінің нәтижесінде еліміздегі мектеп пен колледж шәкірттері осы сала төңірегінде бақ сынасты. Байқау ережесінің алдын ала

БАҚ-та жарияланғанындай, қатысушыларды 3 сынақ негізінде іріктеді. Яғни шығармашылық, безендік және редакторлық-корректорлық сынақтар барысында әр оқушы өзінің талабы мен қабілетін көрсетуі қажет. Өз қарым-қабілетін сынаққа салу үшін Алматы қалалық мектептер мен колледждер арасынан (33 қазақ мектебі, 8 орыс мектебі) 41 оқушы байқауға қатысты. Олар байқау талаптарын орындау үшін «Менің сүйікті кітабым», «Кітап безеншісі — ең тиімді мамандық», «Менің әдеби кейіпкерім» деген кезеңдерден өтіп, кітап безендірді, шығарма жазды, редакциялады. Нәтижесінде



шығармашылығымен көзге түскен оқушылардың ұстаздарына университет атынан алғыс хат жарияланды. Сонымен қатар, байқауға қатысушылар 1-2-3 дәрежелі дипломдармен бірге «Ең үздік дизайн», «Ең үздік шығарма», «Ең үздік редактор» сияқты номинациялармен марапатталып, кітапқа ие болды. Демеушілер мен сарапшылардың ұйғарымымен еңбегі байқаудың жүзден жүйрігі деп танылған №93 орта мектептің оқушысы Әйгерім Әбдірайымға «Қазақ энциклопедиясы» баспасының Бас директоры Бауыржан Жақып сыйлық табыс етіп, 1 жылдық

шәкіртақы тағайындады. Ал, «Білім» баспасының директоры Жарылқасын Нұсқабайұлы №89 мектептің оқушысы Диана Сәбитоваға байқаудың сертификаты мен жылдық шәкіртақы ұсынды. Елімізде тұңғыш рет өткізіліп отырған бұл байқаудан әр қатысушы кітапқа ие болып, ерекше леппен тарасты. Баспа ісі және редакциялау кафедрасының менгерушісі Сағатбек Медеубек жуырда мектеп бітіргелі отырған болашақ жас түлектерге «ҚазҰУ студенті атаныңыздар» деген лебізін де жолдады.

Саягүл  
ӘЛІМБЕКОВА



# Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ҚазҰУ (1941 – 1945 ж.ж.)

Біздің тарих



А.Т. Лукьянов, физика-математика факультетінің студенті (оң жақта)

(Жалғасы. Басы өткен сандарда)

Мықты лекторлардың дәрістеріне басқа жоғары оқу орындары студенттерінің келуі әдеттегі жайт болды. Мысалы: Тау-кен институтының студенті З.Қабдолов М.О.Әуезов дәрістеріне өте жиі келіп отырды. Ұстаз кеңесімен университетке ауысып, нәтижесінде қаламы жүйрік жазушы, ҚазССР ғылым академиясының академигі дәрежесіне дейін көтерілді. 1942–43 оқу жылы университетте 2 академик, КСРО Ғылым академиясының 3 корреспондент-мүшесі, 20 профессор және 32 доцент болды. Бірақ окупация жасалынған қалалардың азат етілуіне байланысты ғалымдар 1943 жылы елдеріне қайтты. Елдің басқа жоғары оқу орындарының 35% студенті ҚазМУ-да оқып жатқан болатын. Олар да өз үйлеріне бет түзеді. Жеңіс таңының атуына елі ерте еді, сондықтан университет жаудан азат етілген жоғары оқу орындарына ерекше көмек көрсетті.

Соғыстан кейінгі жылдарда университетке майданда от пен суға түсіп, шыныққан жастар орала бастады. Байырғы солдаттар ғылымды игеру ісіне ерекше араласып, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты. Солардан көрнекті оқымыстылар мен танымал педагогтар өсіп шықты. Олардың арасында кейіннен ҚазССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор – А.Т. Лукьянов, ҚазССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, химия ғылымдарының докторы, профессор А.Ш.Шарифқанов, ҚазССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, биология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ мемлекеттік университетінің алғашқы студенттерінің бірі – Т.М.Мәсенов, ҚазССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор В.А.Сапа және басқалар бар.

Алдымен университеттің ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбы жақсы жолға қойылған. 1942 жылы ғылыми-зерттеу жұмысының жоспарына 31 тақырып кірген, оның 60%-нан астамы республикалық ауыл шаруашылығы өндірісінің кемшіліктері, жетпей жатқан жақтарымен тығыз байланысты болды.

Олардың ішінде Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарының тапсырмасымен университеттің химия факультеті мен физика-математика факультеттеріне берілген тақырыптарды баса атап айтуға болады. (Жалғасы бар)

Дайындаған Роза УМАРАЛИЕВА



Жалпы әскери оқыту взводы. ҚазМУ 1943 жылы

## Жалын



# Ұлттық мүдде мәселесі қозғалған рухани әңгіме

Жастар – қоғамның қозғаушы күші. Сол себепті, оларға рухани тәрбие беру – мақсаттардың асылы. Мұхтар Әуезов: “Ел боламын десең, бесіңді түзе” деп тәрбиені қасиетті талбесіктен бастауды өсиет еткен. Сонау балдырған балалық шақ – бала-бақша, мектеп табалдырығымен жалғасқан тәрбие тізбегіндегі маңызды кезеңнің бірі студенттік шақ екені анық. Жастарға албырттық, еліктегіштік, қызуқандылықпен қатар кейде шалалық та тән. Демек, университет қабырғасында рухани құндылықтарды бойға сіңіру жұмыстарымен қатар сауатты саяси бағыт-бағдар беруде де аса көрегендік қажет. Олай болса, 4 наурыз күні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, қоғам қайраткері, сазгер Бекболат Тілеуханмен өткен “Рухани әңгіме” жастарға жан-жақты терең тәлім берген кеш болды. Университеттің «Алтын сапа» пікірсайыс клубы мен «Азамат жастар парламентінің» ұйымдастыруымен жүзеге асқан аталмыш кездесуге белсенді ҚазҰУ жастары, Алматы қаласы ЖОО-ларының пікір-сайысшылары қатысты.

Кездесуді жүргізген ҚазҰУ студенті, тележүргізуші Нұрсұлтан Құрман Б.Тілеуханның қазіргі жастардың бойындағы имандылық, адамгершілік қасиеттері туралы пікірін сұрай отырып, жастарды ашық әңгіме алаңына шақырды. “Күрметті достар, мен жастармен кездесуге қашан да інкәрмін. ҚазҰУ – қазақ халқының маңдайына біткен талай майталмандар білім алған киелі қара шаңырақ. Мұнда жұдырықтай жүрегі қазақ деп соққан еліміздің нағыз патриот жастары білім алып жатқанына кәміл сенемін, – дей келе Бекболат аға жастарға қаратып, былайша ой толғады: “Бізде бәрі бар. Бізде ата-бабамыз аңсаған тәуелсіздік бар, жердің асты толған қазына-байлық. Жөк нәрсе – намыс. Әсіресе, жастардың бойындағы намыс бізге ауадай қажет. Жастар ала-құла боп кетті. Өкінішке орай, қазір жастардың ішінде елдігіннің, тілінің, дінінің күйімен шаруасы жок “тап-таза” жігіттер бар. Абай айтқандай: “Тамағы тоқтық, Жұмысы жоктық, Аздырар адам баласын”. Ұлтты айқындайтын тіл, дін, шегара, тарих, дәстүр. Осы бес фактордың біреуі ойсыраса, біз толыққанды ұлт бола алмаймыз. Ұлы ойшыл Гегельдің “Қандай да бір адам өзінің ана тілін білмесе, оны мәдениетті деп айта алмаймыз” деген сөзі бар. Достар, тіл – бізге аманат. Ол тілде ата-бабамыз сөйлеген. Бұл тілде Тоқтамыс әскеріне пәрмен берген. Құдайға шүкір, өр Алатау мен сұлу Көкшені жайлап жатырмыз. Сонымен бірге, Қазақстан өте бай мемлекет. Одан әркім несібе алғысы келеді. Сол үшін оның тұтастығын бұзуды көздейді. Осы мақсатта діни лаң салады. Шаманизмге итеру арқылы тамырыңнан айырады. Егер тамырыңнан айрылсаң, тұмақпен ұрып аларын, мемлекеттігіңнен, елдігіңнен айыратынын біледі. Има-

ны кеткеннің жиғаны кетеді деген бар.

Кешегі Кенес Одағының қол астында болған кезден қалған құлдық санамыз бүгінде көп нәрсеге кедергі. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы: “Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін” деген болатын.

Ендеше, әрқайсымыздың көкейімізде “Сонда мен не істей аламын” деген сауал туындайтыны рас. Олай болса дүкенге кіргенде қажет затыңызды қазақша сұраныз. Мысалы, бірде мен бір жанармай бекетіне кірдім. Онда орыс қызы отыр екен. Мен кіріп: “92 бензиніңізден толғанша құйып берсеңіз”, – дедім. Олтүсінбей, күзетші жігітті шақырды. Ол оған аударып берді. Егер сіздер де барып осылай етсеңіздер, ол өзі үшін қазақша үйренеді немесе басшылық өз тауарын өткізу үшін қазақ тілін білетін адамды жұмысқа алады. Демек, сіз қоғамда қажеттілік тудырасыз. Сіз қоғамда қазақ тілін білетін адамның жұмысқа орнала-суына мүмкіндік жасайсыз. Ал, егер акцентсіз айтқан бір-екі ауыз сөзіне риза болып, шүддірлесен, Жамбыл жырлаған, Абай толғаған, Махамбет шабырқанған тілге қиянат қылдың. Кеше Тоқтамыс жеңіске жеткен деген сөздер не үшін керек, егер бүгін әлсіз болсан. Өз тәуелсіздігіне қауіп төнгенде қосар үлесің болмаса. Ал үлес дегеніміз – өз отбасына, туған-туысына, ағайын-бауырына қамқорлық, балаңа ана тілінде тәлім-тәрбие беру, рухани шараларға ат салысу”.

Қазақтың бас ақыны Абай, Шығыс ақыны Назым Хикмет, дуалы ауыз Асан қайғы, Қазтуған, Ақтамберді жыраулардың ғибратты сөздерімен нәрленген белді де беделді тұлғаның жүректен шыққан ойлары жүректен құйылып жатты. Залда ұшқан шыбынның ызыны естілердей тыныштық орнап, ұйып

тыңдаған жастар кезек сұраққа келгенде өре түрегеліп, ұнтайққа ұмтылды. Қас қағым сәтте қазақтар боп тізілген студенттер қарасы олардың көкейдегі мазалаған сауалдарының, бөлісер ойларының көп екендігін аңғартқандай. Осы орайда студенттер тарапынан: “Қазақстандық ұлт мәселесіне қалай қарайсыз?” деген сұрақ түсті. Оған Бекболат аға: “Қазақстандық ұлт менің миыма сыймайды. Қазақ деген ұлт бар. Шежіресі, дүниетанымы, тарихы бар. Олардың қазақ жерінен басқа барар жері, басар тауы жок,” – деп бір-ақ ауыз сөзбен кесіп айтты. Ал, “Қазақстанның сырт елде қалыптасқан имиджі қандай?” деген сұраққа ұлтжанды тұлға ширыға жауап қатты: “Өкінішке орай, шетелдегі қазақтың имиджінің жағдайы қиын... Оған “Борат” фильмінің тигізген кесірі адам айтқысыз. Шетел қазақ мәдениетін, тарихын, дәстүрін кино арқылы танып біледі. Демек, кино – идеологиялық күші бар қуатты құрал. Ал, қазіргі қазақ киносының күйі қандай? Жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптаған “Келін”, “Қараой”, “Әке қорлығы” сынды фильмдер сүйекке түскен таңба болды. Бұлар – өз қызыңның, қарындасыңның, анаңның намысын таптаған дүниелер. Міне, “Намыс” журналының дүниеге келуіне себеп болған осы “Келін” фильмі. Ойланайықшы, кино арқылы үнді халқын – сезімтал, шешендерді – ержүрек, грузиндерді – әзілі орайлы деп елестетеміз. Әлгіндей кинолардан кейінгі қазақ халқының имиджі қандай болмақ?!” Көкейге қонымды пікір көпшілікке ой салды. Иmandылыққа, өнерге, ұлтқа қатысты қойылған сан алуан сұрақтардың ішінде “Алты қырдың астынан естілер дауысыңызды сағындық” деп қолқа салушылар да аз болған жоқ. Сырлы сұқбат өсем әнмен астасты. Кеш соңында Бекболат аға жастарды білімділікке, діни сауаттылыққа шақыра отырып, әр өлкенің әуенін нақышына келтіре, құлақ құрышын қандыра орындады. Ұлтжанды тұлғаның қайратты сөздері жастардың бойындағы патриоттық сезімін қайрай түссе, жанға жайлы қоңыр даусы көңілдерді асқатқатты. Ұлтымыздың мұн-мұқтажын жоқтап, мүддесі үшін қам жеген азаматтар қатары тәй-тәй басқан тәуелсіз мемлекетімізде көбейе түссін деп тіледік.

Әйгерім  
ӨВЕЗХАНҚЫЗЫ



■ Мерекесі

■ Қайырымдылық

# Жұлдыздардан 100 гүл

## нәзік жүректерге жол тартты



Көктемнің алғашқы мерекелерінің бірі – халықаралық аналар күні. Жайма шуак көктемнің өз алдына құлпырған сәтінде қыз-келіншектер де әдемі әсерге бөленіп, табиғатпен қоса түрленетін кезең екендігі сіз бен бізге жақсы аян. Осынау көктемнің аялы да саялы мерекесінде әр жүрек өзінше сезім кешеді. Табиғаттың тылсым күші адам жанын әрлендіреді.

Қызғалдақты гүл наурыздың 5 жұлдызында журналистика факультеті, Студенттер кеңесінің ұйымдастыруымен

«Жұлдыздардан 100 гүл» атты мерекелік кеш өтті. Салтанатты шараға өнер өлкесінде жүрген жұлдыздар тобы келіп, барша ұстаз-аналар мен қыздарды құттықтап, оларға өнші жігіттер өз қолдарымен гүл ұсынып, баршасын шаттық нұрына бөледі. Кешке эстрадада жүрген ұландар «Денар», «Меломен», «Мұнарлан», «Сұңқар», «Ғарыш» топтары мен Антон Самойлев, Абат, айтыскер ақын Асхат Қылышбек қатысып, өз өнерлерін тарту етті.

Жанат ДАГАЙҚЫЗЫ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері Алматы облысында болған табиғи апатқа алғашқылардың бірі болып үн қатты. ЖОО-ның 20 мың студенті Қызылағаш елді мекенінде орын алған қайғылы оқиғаға бүкіл Қазақстан халқымен бірге көңіл білдіріп, Елбасымыздың бастамасымен зұлмат алапат құрбандарына қолдарынан келгенше көмек көрсетуге әзір екендіктерін мәлімдеді.

## Біз сіздермен біргеміз!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымы Қызылағаш тұрғындарына көмек көрсетуді өздерінің адамдық борышы деп есептейді. Қазақ ұлттық университеті қызметкерлері өздерінің бір күндік жалақысын аударуға келісті. Қайғылы оқиға орын алғанын ести сала ҚазҰУ студенттерінің басын біріктіретін Студенттер сенаты ұйымы университетте арнайы штаб құрып, келесі күні жапа шеккендерге арналған көмек көрсету орталығына айналды. ҚазҰУ-дың экономика және бизнес факультетінде орналасқан штабтың университеттегі өкілдігіне студенттердің де киім-кешек, азық-түлік әкеліп, барымен бөлісуі,

адамгершілік, ізгілік танытуы қуанып отыр. Көмек көрсетуге жиналып жатқан заттарға бірнеше күн болды. Алғашқы көмек автобуспен жіберілген болатын.

Ал, ҚазҰУ ұжымының ортақ шешімімен бөлінген бір күндік жалақы көп ұзамай табиғи апат салдарынан жапашеккен Алматы облысы, Ақсу ауданының Қызылағаш ауылы тұрғындарына көмек ретінде жіберілді.

Сондай-ақ, ҚазҰУ-дың Студенттер құрылыс жасағының 150 ерікті студенті ауыл тұрғындарының баспаналарын тұрғызуға көмек көрсетуге дайын.

ҚазҰУ-дың  
Баспасөз қызметі

## Бәрі бірдей жаралған ғой анадан

Жақында тарих факультетінің жанынан құрылған «AVANGARD» клубы өзінің алғашқы жұмысын аналарды құттықтаумен бастады. Халықаралық әйелдер мерекесіне орай өткізілген кешке қазақ эстрадасының жас жұлдыздары «Жебе», «Ғасыр», «Сұңқар» топтарымен қатар, Құрманғазы атындағы консерватория әншілері мен күйшілері қатысып, өз өнерлерін паш етті. Сондай-ақ, факультетіміздің «Номадус» КВН командасының жігіттерінің өнері және Ербол Садықұлов пен Нұрлан Жұмағұловтың бірігіп салған «Анашым» әні көрерменнің көңілінен шықты. Аяулы аналарымызды, әпке-қарындастарымызды көктемнің шуақты мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз!

Руслан БАҚЫТЖАН,  
тарих факультетінің 4 курс студенті



■ Акция

# Студенттер салауатты өмір салтын ұстануға шақырады

17 наурызда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Біргеміз! Біз шылым, ішімдік пен есірткіні жеңеміз!» атты республикалық жастар акциясы өз жұмысын қорытындылады. 2009 жылдың аяғында ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелерінің ұлттық орталығы еліміздің бас оқу орны ҚазҰУ-мен бірлесе отырып, жоғары оқу орындары мен колледж студенттері арасында аталмыш ауқымды шараны бастаған болатын. Шараның мақсаты – Қазақстан жастары арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру саясатын жүзеге асыру.

Үздік университет ҚазҰУ-да жастар арасында салауатты өмір сүру салтын насихаттау жұмыстары кенінен жүріп жатыр. Сонымен қатар, биыл ҚазҰУ ректоры Бақытжан Жұмағұлов «Шылым шегуді шектету туралы» қаулы қабылдады. Енді 2010 жылдың сәуір айының 1 жұлдызынан бастап арнайы орындардан басқа оқу ғимараттарында, қызметтік орындарда, жатақхана бөлмелерінде шылым шегуге тыйым салынады. Сондай-ақ жыл сайын университет басшылығы мен студенттік

қауым өкілдері бас қосып, шылым шегу, маскүнемдік пен есірткіге қарсы шараларды ұйымдастыруда. Бұл өткізіліп отырған акция да жастар арасында салауатты өмір сүру салтын насихаттау жөніндегі университеттің саяси ұстанымы. Бұл жайында Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту жөніндегі департамент директоры Гүлнар Әлібекқызы былай дейді: “Егер жастар білім мен ғылымға қоса спортты серік ететін болса, онда жастардың ала алмайтын қамалы жоқ дер едім. Елбасы соңғы Жолда-

уында спортты қалыпта келтіру керектігін айтты. Бұқаралық спортты халық арасына енгізуде студенттердің рөлі жоғары”.

Шараға республиканың жетекші жоғары оқу орындарының басшылары мен студенттері, жастар қоғамдық қозғалыстарының өкілдері қатысты. Сондай-ақ, арнайы шақырылған қонақтардың бірі – Сидней олимпиадасының жеңімпазы, еліміздің ардақты азаматы Ермахан Ыбырайымов салауатты өмір салты хақында әңгімелеп, жастарды спортты сүйуге шақырды.

Салауатты өмір салтын берік ұстанатындығын отандық эстрада жұлдыздары да дәлелдеді. Аталмыш шараны қолдап, өнерімен тәңгі еткендердің қатарында «Тұмар», «Жігер» және «Аршат» топтары мен «Айнұр» би тобы болды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА



**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор –  
Жауапты хатшы –  
Бөлім меңгерушісі –  
Редакторлар –

Фототілші –

Дәрмен СМАЙЫЛ;  
Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА,  
Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ,  
Меруерт МҰХАМЕТЖАНОВА,  
Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,  
Жанат ҚАСЫМБЕКОВА,  
Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ;

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

480078, Алматы,  
Әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат,  
№1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. “Кредосс-Б” баспаханасында (Егізбаев 7<sup>А</sup> көшесі) басылды. Тел: 8 (727) 3-94-24-45

Бағасы келісім бойынша.  
Таралымы – 1000 дана.  
Көлемі 2 б.т.  
Индексі 65989.  
Тапсырыс №150

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.